

ғылыми бағытын анықтау ісіне КСРО Ғылым Академиясының А.М. Панкратова, Б.Д. Греков, К.М. Дружинин және М.В. Нечкина сияқты көрнекті ғалымдары атсалысты.

Ғылыми мекемелер жүйесінің кеңеюі мен материалдық-техникалық базаның күшеюі ғылымның дамуына игі әсерін тигізді. Зерттеулердің көлемі артып, ғылымның майданмен және тылмен байланысы беки түсті, жоғары білікті кәсіби мамандар даярлау арта түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Советская культура в годы Великой Отечественной войны. -Москва, 1976.
2. Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих тұлға теория. – Алматы, 2004. -344 б.
3. Тастанов Ш.Ю. Казахская советская интеллигенция. –Алма-Ата, 1982.
4. Қазақ совет энциклопедиясы. 10-том. - Алматы, 1977.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. Алматы: «Атамұра», 2010. -752 б.
6. Советский Союз в годы Великой Отечественной войны, 1941-1945. -Москва,1976.
7. Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Мақалалар. –Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС. -2003. – 296 б.

АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Боранбай С, Аширбекова А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.м., оқытушы Орынбекова.Р.Ж
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
riza-janibekovna@mail.ru

Қазірде еліміздің тәуелсіздік алып, еңсемізді тіктеп отырғанымызға 30 жылдан асты. Осы аралықта еліміз аяғынан нық тұрып, экономикалық, саяси және әлеуметтік жағынан болсын батыл қадамдар жасай білді. Тәуелсіздігіміздің қаншалықты қиын жолмен келгенін әрдайым есте сақтап, тарихтың ақтандақ беттеріне терең үңіліп, оларды кеңінен зерттеу - ата-баба алдындағы борышымыз деп білеміз. Өткенімізден өнеге ала отырып, тойға емес, ойға баса мән берілуі керек. Сонда ғана егемендігіміз бен елдігімізді сақтап қала аламыз. Себебі тәуелсіздік алу қаншалықты қиын болса, оны сақтап тұра алу да үлкен жауапкершілікті іс.

Осы тұрғыда тарихи сананы жаңғыртатын іс- шараларға басымдық беріліп, өзекті тақырыптарға мән берілуде. Сондай бір ұлт жанынан өшіруге келмейтін қасіретті кезең - ашаршылық зобалаңы екені анық.

Егеменді ел болу қазақ халқын дүр сілкіндіріп, оның әлеуметтік белсенділігін шарықтау шыңына көтерді. Қазақ халқының тарихындағы ең қасіретті кезеңнің бірі деп, ашаршылық кезеңін айтуға болады. Бақ-дәулет басымыздан ұшқан заманда қазақ халқы іргелі көршісі Ресейге үлкен үмітпен қол созғанын білеміз. Шын мәнінде ашаршылық Кеңес үкіметі кезеңінде жабық тақырыптардың бірі болып саналды. Барлық құжаттар мен деректер мемлекеттік құпия ретінде танылып ғалымдар үшін қолжетімсіз болды. Тек, Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен тарихымыздың соқтықпалы жолдарына ерекше көңіл бөлініп, осы бағыттағы мәселелер мемлекеттік деңгейде көтеріле бастады. Соның арқасында бұл нәубет бір әулеттің немесе ауылдың ғана емес, сол кездегі тұтас халықтың басына түскен алапат қасірет екені ашық айтылды. Академик Манаш Қозыбаев бастаған ғалымдарымыз көптеген зерттеулер жүргізіп, архивтерден құнды деректер жинап, маңызды еңбектер жазды. Сондай-ақ, 31 мамыр Саяси қуғын –сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді [4,50 б].

Мұның бәрі ашаршылық тақырыбын зерттеудегі алғашқы қадамдар екені сөзсіз. Биыл 1921-1922 жылдардағы ашаршылыққа 100 жыл, ал, 30 жылдардағы екінші кезеңіне 90 жыл толып отыр.

Қазақстанда жаңа экономикалық саясатқа көшу орасан зор қиындықтармен жүргізілді. 1921 жылы республиканың едәуір бөлігін қуаңшылық жайлады. Оның алдында қатты жұт болып, ол кей жерлерде малдардың 80 пайызына дейін қырылуына әкеліп соққан еді. Республика халқының 3/1 бөлігін аштық жайлады, ашыққандар 1921 жылдың қарашасында 1 млн 508 мың, 1922 жылдың наурыз айында 2 млн 303 мың адам болды.

1897 жылдың соңы мен 1926 жылдардағы санақ есебі бойынша қазақ халқының күрт төмендеп, ел аумағында өзге ұлттардың саны артты. 1897 жылы Республика аумағындағы қазақтардың саны 3392,7 мың адамды құрады. 30 жыл өткеннен кейін 3627,6 мың адамды құрады. Санақ бойынша жүргізілген анализ қазақтардың үлесін 234,8 мың, ел аумағындағы орыстардың санын 820,7 мың деп көрсетті. Қазақ халқының саны 30 жыл аралығында тек 1,5 есеге ғана артты.

1897 жылғы санақ қорытындыларымен кейбір ғалымдардың есебінде сәйкестіктер болмай, бірде төмен, бірде жоғары көрсеткіштер көрсетті. Батыстық немесе ресейлік ғалымдар ашаршылықтың болу себебі ауа райының қолайсыздығынан, құрғақшылық болып егіннің шықпай қалғанынан немесе жұқпалы аурулардың таралуынан деген сияқты асыра сілтеулерден іздейді. Ашаршылық кезінде қаншама қазақ қыршынынан қиылды. Оған дәлел мұрағат қойнауында сақталған көптеген ресми құжаттар. Ұлт зиялысы М. Тынышбаевтың есебі бойынша «Қазақстанда 1917 жылы 2 910 000 қазақ өмір сүрген болса, ал М.Г. Сириустың 1924 жылғы жүргізген санағы бойынша қазақтар саны 1965 443 әрең жетіп жығылған» — деген мәліметтер көрсетілген [1, 260 б.]. Ал, белгілі демограф—ғалым М. Тәтімовтің есептеуінше "1931—1933 жж. ашаршылық Қазақстанда өмір сүрген 2,5 млн адамның, соның ішінде 2,3 млн қазақтардың және 200 мың келімсектердің қайтыс болғаны анықталды. Отырықшы келімсектер арасында аштықтан өлгендер 10%—ға жетсе, көшпенді қазақтар арасында бұл көрсеткіш 52—53%—тен асып кеткен. Осыдан 17—18% жергілікті тұрғындардың Қазақстаннан біржола көшіп кеткен"—деген мәліметтерді есепке алсақ, қазақ халқының саны өз жерінде осы кезеңде 70% дейін кемігені көрінеді [2, 17 б.]

Бұл деректер осыған дейін жарияланған мәліметтердің орташа есебімен сәйкес келеді. Тағы бір естелігінде ағамыз М. Тәтімов: «1879, 1926, 1939 жылдардағы халық санағының нәтижелері жөніндегі мәліметтерді қолға түсіріргенмін. Көзімнің жеткені — 1939 жылғы санақта қазақ халқының санын айтарлықтай асырып жазғандығын аңғардым. Сонда, озбыр саясат «орыс емес» ұлттарды аяусыз қырып—жойғандығын жасырып қалғысы келген», — деп пайымдаған болатын. Мысалға алатын болсақ М.Тәтімовтың есептеулері бойынша 1897 жылғы санақта халық санының 10 пайызы есепке алынбаса, 1926 жылы ол 6 пайызды құрады. Тәтімовтың түзетулері 1897 жылғы халық санын 3739 мың, ал 1926 жылғы санақ бойынша 3845 мыңды құрады деп көрсетті. 30 жыл ішінде қазақ халқының саны 106мыңға ғана өскен.

1921 жылдың жазында Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің декретімен Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай губерниялары аштық жайлаған аудандарға жатқызылды. Оның үстіне аштыққа індет қосылды. Орталық Қазақстанның 10-12 қазақ ауданында халықтың едәуір бөлігі аштыққа ұшырады. Алынған болжамды деректерге қарағанда, сол жылғы көктемде 10-15 мың адам аштан өлген, әсіресе 1931 жылы ерекше етек алған жаппай қонысынан ауу, басқа өлкелер мен республикаларға кету орын алды. Көптеген қазақ аудандарында 1929 жылмен салыстырғанда халықтың жартысы да қалмаған. Өлкедегі шаруа қожалықтарының жалпы саны 1931 жылдағыдан 23-25 пайызға кеміді [1, 58 б.]

XX ғасырдың 30—жылдар басында өткерген сол бір нәубет ашаршылықты жасаған, жаппай ұжымдастыру идеологиясының негізін салушы, сонымен қатар Қазақстандағы «Кіші Қазан» төңкерісінің негіздеушісі, Сталиннің ұртоқпағы — Ф. Голощекин болатын. Голощекиннің келе сала қолға алған ісі — жаппай кеңестендіру жүйесін енгізіп, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын өзгертуге бағытталған идеясы. Күштеп ұжымдастыру тәсілдері астық, ет дайындау науқанын көп мөлшерде орындау

қажеттігіне қарамастан, қазақ көшпелі өмір салтын отырықшыға айналдыру стратегиясы 1929 жылдан бастап Қоныстандыру басқармасының әзірлеген шаралары негізінде жүзеге асырыла бастады. Ауылшаруашылық өнімдерін күштеп дайындау жоспарына қазақ қоғамы кеңестендіру саясатына мойынсұна қоймады, себебі ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі халықтың ұлттық дәстүрлі шаруашылығы жаңа таптық жүйені жылдам қабылдауға дайын емес еді [3,45 б].

Қазақтар 1931 жылдың аяқ кезінен бастап қонысынан ауып, бір ауданнан екінші ауданға және Қазақстаннан тыс жерлерге көшіп, көктемге қарай бұл көшу күшею түскен еді де, ал 1932 жылдың жазында қонысынан ауғандардың бір бөлігі қолданылған шаралар нәтижесінде мекендеріне қайтып орылған болатын. Осы қонысынан ауа көшу қазір қайтадан белең алды. Аштық пен індеттің салдарынан бірқатар қазақ аудандарында және қонысынан ауғандар арасында адамдардың қырылып жатқаны сонша, бұл мәселе орталық органдардың шұғыл араласуын қажет етті. Қазақстанда қазақ халқының белгілі бір бөлігі душар болған мұндай мүшкіл жағдай өзге өлкелердің, не өзге республикалардың ешқайсысында жоқ. Қонысынан ауғандар көршілес өлкелерге және Ташкент, Сібір, Златоуст жолдары бойына өздерімен бірге індет апарып таратты. Комитеттің қаулысы бойынша дер кезінде бөлінген азық-түліктің едәуір бөлігі тиісті жеріне жетпеген.

Қонысын тастап Қазақстанмен көршілес өлкелерге көшкен қазақтардың мекен-жайларынан келіп түскен шамамен алынған соңғы деректерге қарағанда қазір Орта Еділде - 40мың, Қырғызстанда - 100мың, Батыс Сібірде - 50мың, Қарақалпақстанда - 20 мың, Орта Азияда - 30 мың қазақ бар. Қоныс аударғандар Қалмақ жеріне, Тәжікстанға, Солтүстік өлкеге және басқа да осы сияқты шалғай жерлерге де көшіп кетті. Байлар бастаған бір қауым Батыс Қытайға ауды. Қазақтардың бұлайша орталық аймақтарға ауа көшуі Қазақстанда бұрын соңды байқалмаған құбылыс болды. Бұл қазақтардың жай көші-қоны емес, көп ретте талажау іздеп, басы ауған жаққа кетуі. Кейбір аудандарда қоныс аударғандардың саны сол аудандарда тұратын барлық халықтың 40-50 пайызына дейін жеткен. Қоныс аударушылардың көп бөлігі жұмысқа орналастырылмағандықтан бастарынан ауыр жағдайды өткеруге мәжбүр болды [5,56-57 б].

Жергілікті органдардың деректері бойынша Торғай және Бетпаққара аудандарында халықтың 20 және 30 пайызы қырылып қалды. Ал қалған елдің дені көшіп кетті. Бірқатар ауылдық советтерінде халықтың 30-35 пайызы опат болды. Ақтөбе облыстық атқару комитетінің төрағасы Иванов жасаған баяндамасында былай деп хабарлаған: 1930 жылғы халықтың саны 1,012,500 адамды құраған, ал 1932 жылы содан 725,800 адам немесе 71 пайызы қалған. Балқаш ауданындағы 60 мың халықтан 12 мыңы қоныс аударған, 36 мыңы қаза тапқан. Сөйтіп ауданда 12 мың ғана қазақ қалған (Біріккен мемлекеттік саяси басқарма) ОГПУ деректері бойынша. 1933 жылы қаңтар айының алғашқы 10 күні ішінде 569 адам аштан өлген. Үштөбе станциясындағы Қаратал құрылыс алаңы мен Күріш совхозында 300ден астам адамның өлігі табылған [1,86 б].

Зерттеулер бойынша халық санының азаюының тағы бір себебі 1 жасқа дейінгі балалардың өлімі. Мысалға алатын болсақ Жетісу губерниясындағы Қапал уезінің өзінде 1 жасқа дейінгі балалар өлімі 60-80 пайызға жетті. Адам өлімінің жоғары болуының себептеріне әлеуметтік, медициналық көмектердің болмауы себеп болды. Қоныстарынан ауғандардың көпшілігі балаларын тағдырдың тәлкегіне тастап кетуде. Өзге өлкелерге қоныс аударғандардың өздерімен бірге балаларын ала келгендері некен саяқ. Қазақстанның қалалары мен темір жол станцияларында қаңғып қалған панасыз балалар қаптап жүр. Қазақ әйелдері балаларын мекемелер мен үйлердің алдына тастап кетуде. Қазақ органдары 1932 жылдың аяғында-ақ панасыз қалған тағы да 50 мың қазақ баласының ешқайда орналастырмағанын ресми түрде хабарлады.

Қазақстандағы балалар үйлеріне панасыз қалған жетімдер сыймай жатыр және олардың арасында да өлім көп. Мәселен, комиссия тексерген кезде Семей ауданындағы балалар үйлерінің бірінен уақытында алып кетуге көлік болмай үй астындағы төледе жатып қалған 20 қазақ баласының іріп-шірі бастаған өліктері табылған. Қызыл Крестің сол Ақтөбе қосынының

баяндамасынан* Торғайдағы қазақ балаларының жағдайы жөнінде мынадай бір үзінді келтіруге болады: Балалардың хал-жағдайы өте мүшкіл. Ата-анасынан айырылып қалған 4 жасқа дейінгі жетім балалар түгел қырылған. Балалар үйлерінен және жетімектерді паналатқан сондай жерлерде 4 жастан үлкен балаларды ғана, ал одан кішіректерін тек ата-аналарымен бірге көрдім, бірақ ол балалардың өзі де әбден жүдеп-жадаған. Әдетте 100-150 кісілік балалар үйлерінде күніне 1-2, әйтпесе 3 бала шетінейді, олардың орнына сол мезетте-ақ панасыз жүрген басқа балалар басады... Бала атаулыға мүлдем құрып кету қаупі төніп тұр, - делінеді [1, 61 б].

Міне, осылайша еліміз ұлт болып жойылып кету алдында тұрды. Осындай нәубет кезеңді бастан кешіре отырып, ұлт болып сақталып, қазіргі күнге жетіп отырмыз. Адам қолынан жасалған ашаршылық пен жоқшылық, қазақ халқының болмысының жойылуына себеп бола алмады. Сол жылдары мыңдаған бейкүнә, жазықсыз жандар азық-түлік тапшылығынан зардап шекті. Кеңес үкіметінің қолдан жасаған ашаршылығының әсерінен, ел демографиясы елеулі өзгерістерге ұшырады. Сол кезеңдердегі деректер көбі жойылып, әлі де зерттеуді көп қажет етеді.

Енді, міне, халқымыздың жадынан шықпаған нәубет қасіретін тәуелсіздігімізді алғаннан бері ата мекенінен еріксіз ауып кеткен қандастарымыздың өздері болмаса да ұрпақтары қайтып оралуда.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты: Оқу құралы – Алматы., «Қазақ университеті», 1992 - 272 бет.
2. Әбдіғалиұлы Б. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.1: 1928-1929/ Алматы, Атамұра, 2021.- 920 бет.
3. Қазақ қалай аштыққа ұшырады: (Қасіретті жылдар хаттары). Алматы, «Қазақ университеті» 1991 – 208 бет. Құраст. С.Әбдірайымов, И.Н.Бухонова, Е.М.Грибанова, Н.Р.Жағышаров.
4. Асылбеков М.Х, Галиев.А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980) - Алма-Ата: Ғылым, 1991 – 192 с.
5. Абдрахманова К.К.. Демография и статистика населения, Қарағанды 2018-274 бет
6. <http://e-history.kz/kz/publications/view/>

ТҮРКІСТАН-ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ

Бөжиг А.

Ғылыми жетекшісі:т.ғ.м., аға оқытушы Шахаев А.Ж.

Академик Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

arman.shahaev@mail.ru

Қарағанды қ.

Түркі тектес халықтарда қасиетті де қастерлі саналатын қаланың өткен тарихы таусылмас шежіре. Бұл киелі жер өз басынан кешкен кейде күнгеі мен теріскейі аралас ғасырлар өресінде түркі тектес халықтардың биік парасаты, ой-өрісі, ерлік, елдік келбеті, шерменге толы шежіресі жатқан мекен. Ол-тегі бір, діні бір күллі түркі халықтарының біріктіріп, рухын асқақтататын руханият орталығы, рух астанасы. Осы орайда қасиетті Түркістан даңқының ұлы бабамыз, алғашқы түркі-ислам ағартушысы, философ-сопысы, пірі, шайхы Қожа Ахмет Яссауидің есімі мен оның құрметіне Әмір Темір салдырған ғажайып, қасиетті ғимарат-кесенесімен тығыз байланысты екенін естен шығаруға болмайды.

Әлемдік дамуда дербес мемлекетке қолы жеткен әрбір халықтың, ұлт-ұлыстың жолы қиын болған. ХХІ ғасырдың басында, яғни қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін